

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Жеделов Құрманғазы Оразұлы

ҚАЗАҚСТАН БАСТАУЫШ
МЕКТЕПТЕРІНДЕ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ
БІЛІМІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ
(1917-2007 жж.)

Монография

Алматы 2014

Жиделов Ж. Ә.



Жиделов
Құрманғазы Оразұлы
Педагогика ғылымының
докторы, профессор.

1961 жылы 2 қарашада Семей облысы,
Шұбартау ауданы, Алабас совхозында туған.

Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар
Академиясының мүшесі.

Қазақстан Суретшілер Одағының мүшесі.

«2013 жылы жоғарғы оқу орнының үздік оқытушысы»
атағының иегері.

2014 оқу жылынан Әл-Фараби атындағы

Қазақ ұлттық университеті журналистика
факультетінің баспа ісі және дизайн
кафедрасының профессоры.

**ҚАЗАҚСТАН
БАСТАУЫШ
МЕКТЕПТЕРІНДЕ
БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ
БІЛІМІНІҢ
ҚАЛЫПТАСУЫ**

(1917-2007 жж.)

Алматы - 2014

УДК 371
ББК 74.200
Ж41

Монография «2013 жылдың жоғарғы оқу орнының үздік оқытушысы» қаражатына шығарылды.

Шкір жазғандар:

Т.К. Мұсалімов – Л.Н.Гумилев атындағы Евразиялық ұлттық университетінің, дизайн және инженерлік графика кафедрасында педагогика ғылымының докторы, профессор
К.А. Аймағанбетова – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика университетінің, мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасында педагогика ғылымының докторы, профессор
К. Халықов – Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ғылым жөніндегі проректоры, профессор, философия ғылымдарының докторы

Желсолов Қ.О.

Ж41 Қазақстан бастауыш мектептерінде бейнелеу өнері білімінің қалыптасуы. Монография – Алматы, 2014 – 267 бет.

ISBN 978-601-7021-17-7

Бұл монографияда Қазақстан бастауыш мектебінде бейнелеу өнері білімінің пән болып қалыптасуының тарихы сөз болады. Яғни пән арқылы игерілетін білімге тарихи-теориялық және педагогикалық негіз болар материалдар қарастырылған. Жалпы, ғылыми еңбекте бейнелеу өнері білімінің пән болып қалыптасу тарихынан кеңінен мағлұматтар берілген. Сонымен қатар бұл ғылыми еңбек бейнелеу өнері саласынан білім беретін оқытушыларға және жоғарғы оқу орындарында оқытатын докторант, магистрант, студенттерге және мектеп мұғалімдеріне арналған.

**УДК 371
ББК 74.200**

ISBN 978-601-7021-17-7

©Желсолов Қ., 2014

*Болмасаң да ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеніз.
Ондай болмақ қайда деп,
Айтпа ғылымды сүйсеніз.
Сізге ғылым кім берер,
Жанбай жатып сөнсеніз.
Абай.*

КІРІСПЕ

Қазақстан егеменді ел болудың бастауларында небір қиын күндерді бастан кешіп, бүгінде әлем назарына іліне бастаған еліміздің әлеуметтік-экономикалық жанаруы мен саяси демократияланған еліміз тағы да бір жана бағыттарын ұсынып отыр. Ол жана бағыт ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстанды «Ұлы Дала еркеніетінің қара шаңырағы ретінде халықаралық деңгейде танытып қалыптастыруымыз керек» - деген сөзі. Қазақстанның алға басуы әлемдік тәжірибеге сәйкестікті қозылып табылады. Осы көздеуде біріншіден, оқу-ағарту ісінде әлемдік ықпалдастыққа ену болса, екіншіден, бәсекелестігі биік мемлекеттер қатарына ену. Бұл екеуі де бүкіл оқу-ағарту жұмысын түбегейлі тексеруді қажетсінеді. Өйткені бүгінгі жанадан құрылып, жана жетіліп келе жатқан қазақ республикасы ұзақ мерзімге арналған білім беру саясатында оны дамытудың жана негізін қалау. Яғни білім беруінің мазмұнына, білім беру жүйесінің құрылымына, білім беруді басқару жүйесіне, кадрлық және әлеуметтік саясатқа көптеген өзгерістер мен толықтырулар жасауды көздеп отыр. Осы айтылғандар негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру, оған білім беру үстінде оның бойына жана тұлғалық қасиеттерді сіңіру өте қажет. Жана Қазақстанның жана адамы республиканың тарихи, ұлттық, демографиялық, географиялық, экономикалық және мәдени ерекшеліктерінің негізінде тәрбиеленіп, қалыптасуы тиіс.

Ондай тұлғаны қалыптастырудың әсерлі факторларының бірі көркемдік өнер, оның кемелденуі. Бұлар тұлғаның рухани-эстетикалық дүниесіне, көркемдік талғамына, талабына ықпалын тигізеді.

Осыған байланысты педагогика ғылымының алдына өте көкейкесті міндеттер қойылады. Ол міндеттердің орындалуы жас буынның бойында көркем-эстетикалық, гумандық сана-сезімді, қазығушылықты, идеалды, көзқарасты, талапты, талғамды, қабылдауды, дүниетанымды қалыптастырып тәрбиелеуді керек етеді. Оған өнердің көркемдік-эстетикалық мүмкіндіктерін пайдалану өте тиімді. Сонымен бірге бұл жерде ескерілетін мәселе жас буынды ең алдымен әлемдік көркемдік мәдениетпен бірге, өз халқының ұлттық көркемдік құндылықтары негізінде көркем-эстетикалық тәрбие беру қажеттілігін туындайды.